

Жаратылыстану-математика бағыты әдістемелік бірлестігінің жылдық есебі

2024–2025 оқу жылы



ӘБ жетекшісі: Базылбекова Г.Ж.

Жаратылыстану-математика бағыты әдістемелік бірлестігінің жылдық есебі

2024–2025 оқу жылы

1. Жалпы мәлімет

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша әдістемелік бірлестікке төмендегі пәндер кіреді:

- Математика
- Физика
- Химия
- Биология
- Информатика

Негізгі мақсаты – сапалы білім беру, оқушылардың логикалық, сыни ойлау қабілеттерін дамыту, олимпиадалар мен ғылыми жобаларға жүйелі түрде дайындау, сондай-ақ жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру.

2. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру

ӘБ мұғалімдері оқу жылы барысында бекітілген оқу бағдарламалары мен күнтізбелік жоспарға сәйкес сабақтарын жүргізді. Білім алушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, саралап оқыту, топтық және жұптық жұмыстар, рефлексия, кері байланыс беру сынды заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылды.

Цифрлық ресурстар (BilimLand, Moodle, Google Classroom, Quizizz, Kahoot, т.б.) арқылы қашықтан оқыту элементтері де сабақ барысында тиімді пайдаланылды.

3. Әдістемелік жұмыс

Әдістемелік бірлестік жұмысы төмендегідей бағыттар бойынша жүргізілді:

- Әдістемелік отырыстарда пән мұғалімдерінің жылдық жоспарлары талқыланып, ортақ талаптар негізінде бекітілді;
- Жаңа әдіс-тәсілдермен тәжірибе алмасу мақсатында ашық сабақтар, коучингтер, шеберлік сағаттары ұйымдастырылды;
- Пән апталықтары жоғары деңгейде өткізілді. Әр пән бойынша оқушылардың қызығушылығын арттыратын танымдық, шығармашылық іс-шаралар жоспарға сай жүргізілді;
- Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру бағытында онлайн вебинарларға, семинар-тренингтерге қатысуы қамтамасыз етілді;
- Жыл бойы жаңартылған білім мазмұнына сәйкес критериялды бағалау жүйесі тиімді жүзеге асырылды;

- Оқушылардың білім сапасы үнемі бақылауда болып, тоқсан сайын мониторинг жасалып, талдау жүргізілді.

4. Мұғалімдердің жетістіктері

- **Базылбекова Гулим Жакыповна** – математика пәні мұғалімі:
 - Аудандық "Математикалық регата" мұғалімдер олимпиадасында **3 орын** иеленді.
 - Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдістемелік көмек көрсетуде белсенділік танытты, жас мамандарға тәлімгерлік етті.
- **Сасаева Аяулым Фарабиқызы** – химия және биология пәнінің мұғалімі:
 - «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» республикалық байқауының аудандық кезеңінде **1 орын**.
 - «Биология пәні мұғалімінің үздік педагогикалық жобасы» байқауының аудандық кезеңінде **1 орын**.
 - Дарынды балалармен ғылыми жобалар мен олимпиада жұмыстарына жетекшілік етті.

5. Оқушылардың жетістіктері

- **"Алтын түлек"** аудандық математика олимпиадасы, жетекшісі **Базылбекова Г.Ж.:**
 - 10 «А» сынып оқушысы **Асаубай Шыңғысхан** – **3 орын**
 - 11 «А» сынып оқушысы **Рахимжанова Акмарал** – **3 орын**
- **"Дарын"** РҒПО ұйымдастырған республикалық онлайн математикалық олимпиадасы жетекшілері **Базылбекова Г.Ж., Смагулова Д.А. математика пән мұғалімдері:**
 - Мектеп оқушылары **2 және 3 орын** иеленіп, жоғары нәтиже көрсетті. 5-7 сынып оқушылары қатысты.

6. Мектепшілік іс-шаралар

ӘБ мұғалімдері келесі мектепшілік іс-шараларды сәтті ұйымдастырды:

- «Ғылымға алғашқы қадам» атты ғылыми жоба көрмесі;
- «Зияткер» пәндік викториналар;
- «Кел, ойнайық та, ойлайық!» атты математикалық кеш;
- «Табиғатты таны» атты биологиялық квест-сабақ;
- Информатика апталығында кодтау, логикалық есептер сайысы, IT-жоба таныстырылымы өткізілді.

Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды дамып, еліміздің экономикасы өсіп, үкімет үдемелі индустрияландырудың керемет жобаларын жүзеге асырып отырғанда жүйелі түрде осы ғылымдар негізін тереңірек аша түсуге, әр баланың осы пәндердің беймәлім тұстарын зерттеуге деген қызығушылығын арттыруға бағыттадық.

Жоспарға сай, апталықтар өткізілді. Апталықтың мақсаты мен міндеттері нақтыланған соң, аптаның әр күні нақты бір тақырыпта аталып, сол бағытта жаңаша жұмыс үлгісі жүзеге асырылып отырды. Әрине бұл пән мұғалімдері тарапынан өте үлкен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді. Біздің пән бірлестігінің әр мүшесі осы талап үдесіне шыға біліп, өз шығармашылықтары мен шеберліктерін көрсете білді.

Енді апталықтың әр күніндегі іс-шаралардың талдауы:

Химия және биология апталығы

2024 жылдың 25-29 қарашасы аралығында № 8 жалпы орта білім беретін мектеп қабырғасында **Химия және биология апталығы** өтеді. Бұл апталық ғылымға қызығушылық танытатын оқушылар үшін ерекше шығармашылық орта құрып, ғылым әлеміне жаңа қадам жасауға мүмкіндік береді.

Апталықтың ашылуы 25 қараша күні салтанатты жиынмен басталып, қатысушыларға қызықты бағдарламалар мен іс-шаралар ұсынылады.

Апталықтың мақсаты – оқушылардың жаратылыстану ғылымдарына қызығушылығын арттыру, олардың зерттеу және шығармашылық дағдыларын дамыту.

25 қараша күні мектебімізде химия және биология апталығы басталды.

Ғылым апталығы біліміңізді арттырып, жаңа қызықты ақпарат алудың негізгі көзі болып табылады. Апталықтың ашылуы салтанатты жиынмен басталып, оқушылардың ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында ойындар ойнатылып, сыйлықтар таратылды.




26 қараша күні химия және биология апталығының қарсаңында 9 сынып оқушыларымен Биологиялық викторина өтті.

Іс-шараның мақсаты:

- Оқушылардың биология пәні бойынша білімдерін тексеру және дамыту.
- Оқу процесіне қызығушылықты арттыру.
- Оқушылар арасында достық атмосферада жарыс ұйымдастыру.


Викторина барысында оқушыларға жалпы биология пәні бойынша сұрақтар қойылып, ойындар ойнатылды.



27 қараша күні мектебімізде Химия және Биология апталығы аясында 7-11 сынып оқушыларының арасында «Ғылыми жаңалықтар ізінде» атты квест ойыны өтті.

Квест мақсаты: Химия және Биология салаларындағы ғылыми жаңалықтарды, ғалымдардың еңбектері мен жетістіктерін зерттеп, олардың адамзат дамуына қосқан үлесін түсіну, бағалау және насихаттау.

Квест барысында оқушылар кьюар кодтарды жасырылған жұмбақтарды шешіп, тапсырмаларды орындады. 9 «А» сынып оқушысы Сағындыков Ануар квест жеңімпазы атанды.



28 қарашада ашық сабақ 11 сынып химия пәнінен өтті, тақырыптық қызық әр түрлі презентация оқушылар жасап қорғады, қызығушылықтаны тулары үшін тағыда басқа көптеген түрлері әдістері қолданылды, сабақ аяғында өлең жасап оқушылар көрсеттік, жасанды интелекті қолдану арқылы сабақ өткізілді.



29 қарашада мектебімізде химия және биология апталық жабылу салтанаты өтті. Апталық қортындылары жасалып, оқушылар арасында түрлі қызықты жұмбақ жасырылынып, апта бойы белсенділік танытқан оқушыларға мадақтамалар табысталды.

Жоспарға сай 2025 жылдың 3-7 ақпаны аралығында өтетін математика және физика апталығының ашылуы өтті. Ашылу барысында апталықтың жоспарымен таныстырылды, оның негізгі мақсаты – оқушылардың осы пәндерге деген қызығушылығын арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту және шығармашылық белсенділігін жетілдіру. Ашылу барысында ұстаздарға, оқушыларына математикалық ойындар өткізілді.

Айта кетсек:

1. Математикалық қызықты есептер шығарылды;
2. Логикалық тапсырмалар мен ребустар шешілді;
3. Геометриялық фигуралар құрастырылды;
4. Викториналар ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар белсенділік танытып, тапқырлығы мен ойлау қабілеттерін сынады.

Апталық бойы түрлі байқаулар, ашық сабақтар, викториналар өткізіледі.

Атбасар қаласы #8 ЖОББМ физика, математика апталығының ашылуы



04.02.2025 жылы жоспарға сай 7 сынып оқушыларында Алгебра пәнінен ашық сабақ өтті. Пән мұғалімі: Базылбекова Г.Ж.

Сабақтың тақырыбы: Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:

7.1.2.14 – тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану.

Сабақтың мақсаттары:

- ✓Қысқаша көбейту формулаларын білу және есеп шығару.
- ✓Қысқаша көбейту формулаларын алгебралық өрнектерді ықшамдау кезінде қолдану.
- ✓Қысқаша көбейту формулаларын өрнектерді көбейткіштерге жіктеу кезінде қолдану.

Ашық сабақ бірнеше кезеңнен тұрды:

1.Ұйымдастыру кезең: Өткен тақырыпты LearningApps платформасында сәйкестендіру тапсырмасын орындады. «Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағаланды;

2.Жаңа сабақ түсіндірілді, оқушылар тақырып бойынша ресурстармен танысты;

3.Бекіту тапсырмалары:

3.1 Әр топ QR код арқылы өтіп, өз тапсырмаларын орындап, ортаға шығып қорғады. «Үш шапалақ» әдісі арқылы бағаланды;

3.2 «Конверт» әдісі арқылы функционалдық сауаттылыққа тапсырмаларды орындады;

4.Жеке жұмыс: Берілген бірімшелерден формула бойынша өрнек құрастырылды, ортада талдады;

4.1 «Шашбау әдісі» арқылы тапсырмаларды орындады.

5. Тақырыпты меңгергенін анықтау: жұмыс парағы таратылады.

6. «Бағдаршам» әдісі арқылы кері байланыс берілді

7 сынып Алгебра пәнінен ашық сабақ



-06.02.2025 жылы жоспарға сай. “ЗЕРДЕЛЕР МЕН ЗЕЙІНДІЛЕР” атты математикалық сайыс өтті.

Мақсаты: Оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыру, білімді азаматтар тәрбиелеу.



06.02.2025 ж. 9 сынып оқушыларында Физика пәнінен ашық сабақ өтті. Сабақтың тақырыбы: математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері

Сабақтың мақсаты: маятник түрлерін ажырату, формулаларын білу. Пән мұғалімі: Курманова С.И.



07.02.2025 ж. Физика, математика апталығының жабылуы өтті. Мұндай апталықтар оқушылардың осы пәндерге деген қызығушылығын арттырып, олардың терең білім алуына ықпал етеді.

Мақсаты:

1. *Физика мен математика ғылымдарын насихаттау* – оқушыларды осы пәндердің маңыздылығымен таныстырып, оларды тереңірек меңгеруге ынталандыру.
2. Шығармашылық қабілеттерді дамыту– оқушылардың есеп шығару, физикалық құбылыстарды түсіну және оларды практикалық тұрғыдан қолдану дағдыларын арттыру.

Апталық барысында өткізілген түрлі іс-шаралар (дәрістер, конкурстар, интеллектуалды ойындар, көрмелер, зертханалық жұмыстар және т.б.) оқушылардың пәндерге деген қызығушылығын оятып, білімдерін тереңдетуге мүмкіндік берді. Апталықтың жабылуында ең белсенді қатысушылар мен жеңімпаздар марапатталып, мектептегі осы пәндер бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысы шығарылды.

Математика, физика апталығы



7. Мониторинг және талдау

Жыл бойы оқушылардың оқу үлгеріміне тұрақты бақылау жүргізіліп отырды. Әр тоқсан сайын талдау жасалып, білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштері мұғалімдер отырысында талқыланды. Кемшіліктерді жою бойынша нақты шаралар қабылданды.

8. Жоспарға ұсыныстар (келесі жылға)

- Оқушыларды олимпиада мен ғылыми жобаларға ерте бастан жүйелі дайындау;
- Цифрлық білім ресурстарын пайдалану аясын кеңейту;
- Мұғалімдердің шығармашылық жобаларға, конкурс-бәйгелерге қатысуын ынталандыру;
- Жас мамандарға тәлімгерлік жұмыстарын жалғастыру;
- Пәндер бойынша элективті курстарды енгізу және тереңдетілген білім беруді жандандыру.

9. Қорытынды

2024–2025 оқу жылы әдістемелік бірлестік үшін орташа жыл болды. Мұғалімдер мен оқушылар бірлесе отырып, оқу-тәрбие үдерісінде сапалы нәтижелерге қол жеткізді. Алдағы уақытта білім беру мазмұнын жаңарту, пәндік құзыреттілікті дамыту және дарынды оқушылармен жұмысты жетілдіру басты мақсат болып қала береді.

ӘБ жетекшісі

Базылбекова Г.Ж.